

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 желтоқсанындағы N 1245 қаулысының күшін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 17 сәуірдегі N 574

"Шетелде кадрлар даярлау үшін Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендияларын белгілеу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 қарашадағы N 1394 қаулысын орындау ісіндегі елеулі кемшіліктер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 3 наурыздағы N 3375 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Шет елдерде кадрлар даярлау жөніндегі Республикалық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 желтоқсанындағы N 1245 қаулысының күші жойылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі